

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМІ
АППАРАТЫНЫҢ «ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ»
АРНАЙЫ КАФЕДРАСЫ

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨПЭТНОСТЫЛЫҒЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ**

Баспаға жіберілді: 06.10.2015 ж.

Көлемі: 1/75 баспа табақ

Офсеттік қағаз

Таралымы 215 дана

«АЗИАТ» баспа үйі

Шымкент қаласы, Ғ. Иляев көшесі 18 үй, 110 кеңсе

«Талас» ЖК

Шымкент - 2015 ж.

**Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының
«Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
университетінің «Қазақстан халқы ассамблеясы» арнайы кафедрасы**

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨПЭТНОСТЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ
ЖОЛДАРЫ,
Маймақов Ғаппар, Қалмұратов Мұратәлі, Байқонақов Ербол
Шымкент, 2015, 28 бет**

Мазмұны

I. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫС АУДАРУ ЖӘНЕ ЕЛІМІЗДІҢ КӨП ҰЛТТЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТА- СУЫ.....	4
II. КОРЕЙ, НЕМІС, ПОЛЯК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА КҮШТЕП ЖЕР АУДАРЫЛУЫ.....	9
III. СОЛТҮСТІК КАВКАЗ ХАЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚЫРЫМ ТАТАР- ЛАРЫ, КҮРДІ, МЕСХЕТ ТҮРІКТЕРІНІҢ Т.Б. ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕПОРТАЦИЯЛАНУЫ.....	16
ҚОРЫТЫНДЫ	24

«АЗИАТ» баспа үйі, Шымкент қаласы

КІРІСПЕ

1955 ж. 13 желтоқсанда немістердің және олардың отбасыларына құқықтық бостандық берілді. 1956 ж. 28 сәуіріндегі Кеңес Одағы Жоғары Кеңесінің Төралқасы қаулысында жер аударылып, арнайы қонысқа жіберілген қалмақтардың, қырым татарларының, түріктердің және олардың отбасыларына қойылған құқықтық шектеулер жойылды. Сол сияқты 1956 ж. 27 наурызда грек, балқар, армян және олардың отбасыларына қойылған бұрынғы қатаң шектеулерді алып тастау туралы арнайы қаулылар қабылданды. Міне, осындай заңды күші бар қаулылар шыққаннан кейін ғана күшпен көшірілгендер өз бас бостандықтарын алды. Осыдан кейін жер аударылғандардың тұрмыстарына көңіл бөлініп, жағдайлары оңала бастады. 1956-1957 жж. Украина, Молдавия, Литва, Латвия, Эстония елдерінің Жоғарғы Кеңесінің Төралқалары комиссиялар құрып, жазықсыз қудаланған отандастарын қайтарып алу мақсатында талпыныстар жасады. Соның нәтижесінде 1948-1952 жж. қуғындалған латыш, эстон, литвалық, мордвалардың құқығы қайта қалпына келтіріліп, халықтар өз тарихи атамекендеріне қайтуға мүмкіндіктер алды.

1957 ж. 11 ақпанда Кеңес Одағының Жоғары Кеңесінің шешімімен «балқар, шешен-ингуш, қалмақ және қарашай автономиялары қалпына келтірілсін», - деген қаулы қабылданды.

1958 ж. Кабардин-Балқар АССР-ның Обкомы мен Министрлер Кеңесі Қазақстан мен Қырғызстаннан балқар ұлтының өкілдерін қайтарып алу жөнінде қаулы қабылдады. 1958 ж. 16 наурызда Қазақстаннан балқарлардың 4291 отбасы (16659 адам) қайтарылуы тиіс болды. 1958 ж. сәуірде балқар отбасылары қайтарылды, олардың 1958 ж. 1 қаңтарына дейін барғандарын қосқанда – 5706 отбасы (21966 адам) болды.

Қазақстанның көпэтностылығы осылай ондаған жылдарға созылған зорлық-зомбылық, күштеп қоныс аудару және депортациялау негізінде қалыптасты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан - 2050» Стратегиясы «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2013 жылғы Жолдауында: «Қазақстан 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері үшін туған шаңырағына айналды. Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған. Қазақстан халқы Ассамблеясы мәдениеттер үндесуінің бірегей еуразиялық үлгісі болды. Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығына айналды», - деп көрсетті.

Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың 2015 жылғы 23 сәуірде Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында «Мәңгілік Ел: бір ел – бір тағдыр» тақырыбында сөйлеген сөзінде:

«Өткен бүкіл XX ғасыр бойына Қазақстан аумағына көпэтносты халықтың қалыптасуының күрделі үдерісі жүрді. Ғасырдың ең басында столыпиндік реформа кезеңіндегі шаруалардың қоныс аударуы барысында Қазақстанға Ресейден, Украина мен Беларусьтан 1 миллион 150 мың адам келді. Жиырма шақты жылдан соң, 30 жылғы ұжымдастыру кезінде бұрынғы КСРО-ның орталық аудандарынан Қазақстанға 250 мың мүліктері тәркіленген шаруалар келді. Дәл сол уақыттарда өнеркәсіп нысандарын салуға елдің барлық түкпірлерінен шамамен 1,2 миллион адам қоныс аударды.

Сталиндік режим кезіндегі әр жылдарда бүтіндей бір халықтар – 800 мыңға жуық немістер, 102 мың поляктар, 550 мың Солтүстік Кавказ халықтарының өкілдері, 18,5 мың Қиыр Шығыстағы корей отбасылары қоныс аударды. Оларды вагондардан ашық далаға әкеліп түсірді. Ол кезде мұнда тек қазақтар ғана тұратын. Сондықтан қабылдаған да солар болды», - деп көрсетті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан 350 мың эвакуацияланған халықты қабылдады. 50 жылдары тың игеруге тағы да 1,5 миллион адам келді. Түрлі жабық әскери нысандар шамамен 150 мың

маман мен олардың отбасыларын қабылдады.

Елбасы «Бүтіндей алғанда ХХ ғасырдың басынан Қазақстанға 5,6 миллион адам қоныс аударды. Ол кезде жергілікті халық шамамен 6 миллиондай адам болатын. Бұларды тарихты білмейтіндер мен Қазақстан қашаннан осындай көпұлтты болған деп санайтындар үшін айтып отырмын», - деп атап өтті..

Қазақстанда ғасырлар бойы түрлі этностардың бірге тұруы айрықша қазақстандық менталитетті қалыптастырды. Осы заманғы Қазақстанның бірегейлігі этностық сан алуандығында. Бұл қазақстандықтарға басқа халықтармен құнды мәдени жетістіктерді алмасу мүмкіндігін беретін біздің бүкіл қоғамның орасан зор байлығы, ортақ жетістігі.

Тарихи Отанына қайта алмай, тұрақтап қалған аз ұлт өкілдерінің көпшілігі Қазақстан жерінде өніп-өсіп, өркендеп отыр. Келмеске кеткен тоталитарлық жүйе, жер аударылған халықтардың трагедиялық тарихына қиянаты, ойланбай істелген іс-шаралары арқылы жазылмас жара, өшпес із қалдырды. Қазір қазақ жерінде 140 этнос өкілдері өмір сүріп, еңбек етуде.

Оның үстіне сталиндік қылмыстық ұжымдастыру салдарынан 1,5 миллион қазақ аштықтан қырылды.

Осының бәрі де ынтымағы жарасқан көпэтносты Қазақстанның, қазақ халқының тарихи тағдырының аса күрделі болғандығын көпсетеді.

I. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫС АУДАРУ ЖӘНЕ ЕЛІМІЗДІҢ КӨП ҰЛТТЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Қазақстанның көп этносты құрамы еліміздің аумағын үнемі әрі жүйелі түрде Ресей империясының отарлау саясаты нәтижесінде қалыптасты. Қазақстанға басқа ұлт өкілдерінің келіп қоныстануы патшалық билік тұсында басталып, кейіннен кеңестік жүйе тұсында жалғасын тапты. Қоныстану түрлі жағдайларға байланысты мемле-

лықтың 3/1-нен де төмендеді. Осы кезеңде Қазақстан Республикасын тарату туралы да сөздер көтеріліп қалды.

Ұлы Отан соғысы жылдары республикамызға эвакуацияланғандар саны 1941-1943 жж. аралығында 484149 адам болды. Кеңестік жүйенің депортациясына ұшырап, қуғындалған халықтар одақ бойынша 100% деп алсақ, 1949 ж. 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша солардың 36%-ы Қазақстанға тиесілі болған.

1953-1959 жж. Қытай Халық Республикасынан Қазақстанға 100 мыңнан аса қазақтар қайта көшіп келді.

Соғыстан кейінгі 1946-1959 жылдар аралығындағы, әсіресе тың және тыңайған жерлерді игеру үшін елімізге 1 миллионнан аса өзге ұлт өкілдері келді.

Күштеп қоныс аударылған ұлттар мен этностар Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан т.б. республикаларға бөлініп-бөлініп орналастырылды. Туған жерінен, елінен айрылған әртүрлі ұлттар қалай болғанда да келген жеріне, ортаға бейімделуге мәжбүр болды. Тек бірнеше жылдардан кейін ғана құқықтық шектеулері алынып, өз атамекендеріне оралуға мүмкіндік алды. Осы аралықта олардың этнос ретінде мәдениетіне, тіліне, салт-дәстүріне, экономикалық дамуына және ұлттық құрамының жетілулеріне қиянат келтіріліп, бірлігіне орасан зор нұқсан келді. Дегенмен, адамзаттың әділет күресі мен жарқын өмірге ұмтылысының нәтижесінде, заман ағымының әрі қарай аяқ ба-суы, олардың еріксіз келген орында шегерілмей, атамекендеріне оралуы немесе тұрақтап қалған жерлерінде, олардың осы елдің азаматтары ретінде қайта қалыптасуына септігін тигізді. Қазақстан жеріне күштеп қоныс аударылған ұлттар мен этностар халық шаруашылығының әр саласында ауыр да, өте қиын жұмыстарды атқарып, еңбек етті. Әртүрлі ұлт өкілдері: корей, неміс, шешен, ингуш, түрік, қалмақ, қарашай халықтарының көпшілігі т.б., ауыл шаруашылығының әртүрлі саласында, өнеркәсіп орындарында, құрылыста, мәдени-ағарту мекемелерінде еңбек етіп, алдыңғы қатардан табылды. Олардың арасынан шыққан танымал өнер қайраткерлері, ғылымға үлесін қосқан көрнекті ғалымдар, жазушылар, республиканың озат педагогтары, мәдениет, қоғам қайраткерлері де аз емес.

дай мәселелерден шектеулерді алды. Осы қаулы шыққанан кейін республика бойынша шешендер мен ингуштердің көшу үрдісі байқалды. 1955 жылы қоныс аударылған ұлттар мен этностардың құқықтық жағдайларының бірқалыпқа келтіріліп, кейбір шектеулерінің алынуы туралы қаулы шығып, осы кейбір ұлттар арасында бір облыстардан екінші облыстарға, туған туыстарына жақынырақ, өз атамекендеріне көшу басталды.

1989 жылы 14 қарашада «Күштеп жер аударылған халықтарға қарсы қуғын-сүргін актілерінің заңсыздығын мойындау және олардың құқықтарын қамтамасыз ету» жөнінде КСРО Жоғарғы кеңесінің Декларациясы, ал 1990 жылғы 11 желтоқсанда РКФСР халық депутаттарының съезі «РКФСР-дағы саяси қуғын-сүргін құрбандары», 1991 ж. 26 сәуірде РКФСР Жоғарғы Кеңесі «Қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарды ақтау» жөнінде заң қабылданды. Бұл заңдар қалған шектеуліктердің барлығын алып тастады. 1993 жылы 14 сәуірде қабылданған Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» жөніндегі қаулысының негізінде шешен-ингуштер саяси қуғын-сүргін құрбандары болып есептеліп, ақталынды. Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған ұлттар мен этностар сталиндік зобалаң нәтижесінде небір қиыншылықтардың басынан кешіріп, тек өздерінің жігерінің, қайсарлығының, еңбеккерлігінің арқасында ғана үлкен жеңістерге жетті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанға қоныс аудару және депортацияланған халықтардың келуіне байланысты республиканың ұлттық құрамы мүлде өзгерді, еліміз әлемде ең көпэтносты елдердің біріне айналды. Бұл халықтар өз еріктерімен келген жоқ. Оларды алғашқы кезде патша үкіметі, кейін Кеңес үкіметі зорлықпен көшірді.

Қоныс аудару мен депортациясының нәтижесінде Қазақстандағы ұлттардың ара салмағында өзгерістер болды. Мәселен, 1926 жылғы санақта қазақтар – республика халқының 55,6%, 1939 жылы 38%, 1959 жылы 30%, құрады. Осылай қазақтар өз елінде бүкіл ха-

кет тарапынан қолдау арқылы ұйымдасқан түрде немесе шашыранды, өз күштерімен жүйесіз түрде, қоныс аударушылардың өз еркімен немесе оларды зорлап жер аудару арқылы жүргізілді. Қазақстанның көп ұлтты құрамы жер аударылған орыс, украин, беларусь шаруаларын күштеп қоныс аударуға, сөйтіп қазақтардың ең шұрайлы және жақсы жерлерін зорлықпен басып алумен байланысты болды.

Ермак Тимофеев XVI ғасырдың 80 жылдары Сібір хандығын жаулап алып, оның аумағына және қазақ жеріне орыс шаруаларының, саудагерлерінің, кәсіпкерлернің ағылып келуіне жол ашты. Сол кезеңде Қазақстанға жалпы саны 200 мыңдай орыс казактары келіп қоныстанды. Әскери қоныстар бой көтере бастады. Бұл қоныстар әскери шептерге ұласты. Бастапқы кезде әскери қоныстар Орал, Ертіс сияқты өзен арналарын қамтыды. Осындай қозғалыстың үдере жүргізілгендігін қала бекіністерінің тез өскендігі дәлелдейді. Мәселен, бекініс есебінде 1640 жылы Гурьев қалашығы, 1613 жылы Орал, 1716 жылы Омбы қаласының, 1718 жылы Семей, 1720 жылы Өскемен, 1752 жылы Петропавл қалаларының, 1735 жылы Орынбор әскери бекіністерінің негізі салынды. Осылайша XVIII ғасырдың орта тұсына қарай әскери бекіністер қазақ даласын орап, оны түгелдей басып алуға негіз салды немесе ұзын әскери бекіністер коридоры қалыптасты.

Қазақ даласына бірнеше казак әскери округтері құрылды. Батыста Орал және Орынбор казак әскери округі, Солтүстікте Сібір әскери округі (орталығы Омбы), кейінірек Жетісу казак әскери округі (орталығы Верный) құрылды. Бұл әскери округтерде мұздай қаруланған казак әскерлері тұрды. Олардың мақсаты Қазақстанды отарлау, қазақтардың кез келген наразылығын басып-жаншу болды.

XIX ғасырдың 60 жылдарының ортасына қарай Қазақстанның аумағы түгелдей Ресейдің құрамына қосылып бітті. 1864 жылы Шымкент, Әулиета, Түркістан қалаларын орыс әскерлерінің басталып алуымен Ұлы жүздің жерінің Ресейге қосылуы аяқталды. Осылай Ресей империясының Қазақстанды жаулауы 1731 жылдан бастап, 1864 жылы аяқталды немесе 133 жылға созылды.

Қазақстанның Ресейге қосылуын заңды түрде бекіту

және отар аймақты онан әрі игеру мақсатында 1867-1868 жылдары Қазақстанды әкімшілік басқару жүйесінде ірі реформалар жасалды. Реформаның мақсаты отарға айналған қазақ даласының байлығын тереңірек тонау үшін ыңғайлы әкімшілік және құқықтық негіз қалау болды.

Ресей империясы Қазақстанды ресми түрде отар деп есептеді. Отаршылықтың өрескел көріністері қазақ халқының атын дұрыс атамай оны «қырғыз» немесе «қырғыз-қайсақ» деп кемсітіп атауында және бұл атаулардың ресми қолданысқа кіруінен көрінді. Қазақтар өздерін ресми құжаттарда «қазақ» деп жаза алмай «қырғыз» деп көрсетті. Немесе қазақтарды «түземдіктер», «шет аймақтықтар» деп кемсітті. Патша үкіметі Қазақстан деген саяси-географиялық ұғымды қолдануға да тиым салды. Қазақстанды түрлі атаулармен «Орынбор өлкесі», «Сібір өлкесі», «Дала», кейінірек «Түркістан өлкесі» деген бөлек атаулармен атады. Бұл атаулар Қазақстан деген біртұтас саяси-географиялық ұғымды біржола санадан өшіруге бағытталған еді.

1868 жылғы «Уақытша ережесінің» 210§ бойынша қазақтардың патша үкіметінің жері Ресей империясының мемлекеттік меншігі деп жарияланды. Бұл норма 1891 жылғы «Уақытша ережеде» де қайталанды. Осы ережелер бойынша патша өкіметі «қазақтардың жері өзіне қоғамдық түрде пайдалануына беріледі», - деп мырзалық көрсеткен болды. Осы ережелер негізінде қазақтардың жері жаппай тартып алынып, келімсек орыс-казак мұжықтарына таратылды. 1917 жылдың қарсаңында 47 млн. десятина қазақтың шұрайлы жерлері тартып алынып, оларға мыңдаған орыс поселкелері орналасты. Қазақстанға осы кезеңде 1,5 млн-нан аса орыс, украин және беларус келімсектері көшіп келді. Қазақстанның топономикасы түгелеге жуық орыстанып, ұлттық құрамы үлкен өзгеріске ұшырады. Қазақтарды бұратана халық ретінде әскерге алмады. Осылай Қазақстанның көп этностылығы қалыптасты.

1867-1868 жылдардағы реформалардан соң қазақ өкілдері губернаторлық, облыстық, уездік дәрежеде басшылық түгілі қатардағы шенеуніктікке де жіберілмеді. Оларда тек орыстар отырды. Қазақтың

мұнай саласында қызмет еткен шешен-ингуштар мен зауыт-фабрикаларында жұмыс істеген поляк, немістер колхоз-совхозды жерлерге қоныс аударылғаннан кейін өз мамандықтары бойынша емес, ең ауыр қара жұмыстарға жегілді.

Жер ауып келгендердің бастапқы кездерде жалақылары да өте төмен болды. Дегенмен жақсы жұмыс істеп, көзге түскендерге, күнделікті еңбек мөлшерлерін орындап жүргендерге жалақы мөлшерін көбейтіп отырған. Оларға еңбекақы тамақ түрінде де берілді. Соғыс басталған жылдары төмен жалақыға қарамастан майдан есебіне, әскери техника жасауға Ақмола облысының неміс ұлт өкілдері 70 миллиондай ақша жинап берген.

Кеңес Одағы басшылары ашықтай іске асырған, қол астындағы халықтарға қарсы күштеп қоныс аудару - қылмыс деп қарау XX ғасырдың 50 жылдарында басталды. Әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің сеңі қозғалған «қайта құру» мен жаңаша ойлау үрдісі СОКП ОК-нің 1985 жылғы сәуір Пленумынан басталды. Сол 80-90 жылдары ұлттардың өзін-өзі басқару құқығы мен одақтас республикалардың мемлекеттік дербестігі деген мәселе көтерілді. «20-50 жылдардағы саяси қуғын-сүргін тұзақтарының қиянаты мен әуре-сарсаңына ұшырағандар құқығын қалпына келтіру жайында» КСРО Президенті М.С Горбачевтің Жарлығы 1990 ж. 13 тамызында «Правда» газетінде жарияланды. Ресми Жарлықтың 1-тармағында «Кеңес Одағының зорлық-зомбылыққа, қуғын-сүргінге ұшыраған барлық халықтарының азаматтық құқығын қайта қалпына келтіру керек» делінді.

Күштеп көшірілген ұлттар мен этностардың құқықтарының сақталмауының және ұлттық мемлекеттік автономияларының жойылуына негіз болып отырған, мемлекеттің Жоғарғы органдарының ақтілері күшін жойды, өзгертілді. Оларда қойылған еріктен тыс талаптар мен шектеулер алынып тасталды. Негізінде арнайы қоныс аударылғандардың құқықтық жағдайларынан кейбір шектеулерінің алынуы турасында 1954 жылдың 5 шілдесінде КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысында оларға қолданылған бұрынғы құқық нормаларының шектеулерін қажетсіз деп тауып, осы қаулыға сәйкес мынан-

Ақысқа түріктерінің жалпы саны 110 мың болған. Суықтан, мал таситын вагондарындағы жайсыздықтан, аштықтан, медициналық көмектің болмауынан екі айға созылған жол жүру мерзімі ішінде Қазақстан мен Орта Азияға жеткенше аз ғана халықтың тағы да 20 мыңдай адамы опат болды.

Күрді халқының ұлттық ерекшелігін жою мақсатындағы үстемдік жүргізу әрекеті оларды күштеп жер аударудан басталды. Мысалы, 1937 жылы күрділер Әзірбайжаннан Армения жеріне, ал 1944 жылы Грузиядан Қазақстан мен Орта Азияға еріксіз көшірілді. Тауар таситын пойыздарға тиеліп, қақаған қыстың күндері қазақ даласына әкеліп тасталды. Түпкірдегі ауылдарға қойша көгенделген күйлерінде жеткізілген оларды қазақтар шала жансар күйлерінде үйді-үйлеріне бөліп-бөліп алып, адам қалпына келтірген сол бір ауыр да азапты жылдар бүгінгі күрділердің жадынан шықпақ емес.

Қазір Қазақстанда 40 мыңға жуық күрді диаспорасы тұрып жатыр. Күрділер республикадағы аз ұлттардың бірі.

Қазақстанға қоныс ауып, еріксіз келгендерді тізгіндеп ұстау үшін белгілі бір ереже қажет еді. Ол ереже Кеңестік Халық Комиссариатының КСРО Халық Комиссарлар төрағасының орынбасары В. Молотов пен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің ісін басқарушы Я. Чадаевтың қол қоюымен 1945 жылы 8 қаңтарда қабылданған құжаты болды. Бұл құжатта арнайы қоныс аударылғандардың құқықтық жағдайы белгіленді.

Елдің ауыр әлеуметтік тұрмыс жағдайларына қарамастан әртүрлі ұлттар республиканың мәдениетіне, экономикасына елеулі үлестерін қоса білді. Олар ірі өнеркәсіп, пайдалы қазба орындарында, зауыт, фабрика, ірі құрылыс, өндіріс орындарында және ауыл шаруашылығында жұмыс істей жүріп, өзінің ұлттық қасиеттерін ұмытпауға тырысты. Қоныс аударылған халықтар әртүрлі әлеуметтік топтарға жатты. Бұлардың арасында зиялы қауым өкілдері, жұмысшы табы да, шаруалар да болды. Дегенмен олар өзінің мамандығы бойынша қызмет етпеді. Олардың білімі, мамандықтары ескерілмеді. Білікті инженер немесе экономист колхоз, совхоздарға малшы, күзетші, тракторшы т.б. қара жұмыстарды істеді. Мәселен, өз жерлерінде

қол жеткен билігі болыстық басқарушы (болыс) болды. Онда да болыстыққа жету үшін қазақтар орыс өкілдеріне әбден жем болатын.

Қазақтардың жер-су аттары түгелдей орыстанды. Қазақстанның елді мекендеріне қарап, Ресейде тұрғандай тұжырым жасауға болатын. Алдымен христиан шіркеулері салынып, жергілікті халықты астыртын шоқындыру басталды.

1861 жылы Ресейде орыс шаруаларын крепостнойлық (басыбайлы тәуелділіктен) босату туралы реформа болды. Миллиондаған орыс шаруалары жерсіз, мал-мүліксіз адамдарға айналды. Оның үстіне осы кезде Ресейде революциялық ахуал қалыптасқан еді. Мал-мүліксіз шаруалардан және революциядан құтылудың негізгі жолы миллиондаған шаруаларды жаңа жерлерге қоныс аудару немесе көшіру болды.

Жер тапшылығының шиеленісуі, «азаттық» алған шаруалардың қайыршылық күйі, құрғақшылық, орта шаруалардың кедейленуі, өтемдік төлемдер мен салықтардың ауыртпалығы шаруалардың туған жерлерін тастап, Оралдың арғы жағынан жер мен «жақсы өмір» іздеп кетуге мәжбүр етті.

Өуелгі кезде патша үкіметі шаруалардың шет аймақтарға қоныс аударуына қарсы болып, шектеулер қойып көрді. Алайда 1891-1892 жылдардағы Ресейдегі аштыққа байланысты өз бетімен еркін қоныс аудару көлемінің өсуіне орай, патша үкіметі қоныс аударуды заңдастырып, өз ырқында ұстауға тырысып бақты.

Жетісу облысының губернаторы Г.А.Колпаковскийдің басшылығымен 1868 жылы «Жетісуға шаруаларды қоныстандыру туралы уақытша Ережелер» жобасын жасады. Ереже бойынша жан басына (ер адам) 30 десятина мөлшерде жер белгіленіп, 15 жылға алым-салықтардан босатылды.

Ал 1883 жылы қабылданып, 1885 жылы бекітілген Ережеде Жетісу облысына жаңа келушілер мен Шығыс Түркістаннан қоныс аударған ұйғырлар мен дүнгендер үшін жаңа нормалар бекітілді. Енді жан басына берілетін жер үлесі 30 десятина емес, 10 десятина болып белгіленді, бірқатар жеңілдіктер енді 3 жылға дейін ғана сақталды.

Ресми деректер бойынша 1861 - 1885 жылдары Орал арқылы 300 мың қоныс аударушы келген.

1889 жылғы 13 мамырдағы «Уақытша Ережеде» ауыл тұрғындары мен мешандарын Тобыл, Том губерниялары мен Жетісу, Ақмола, Семей облыстарына өз еркімен қоныстандыру белгіленді. Шаруаларды қоныстандыру Ақмола, одан соң Жетісу, Семей, Орал, Торғай облыстарында XIX ғасырдың 60 жылдарының ортасынан басталып, 1892 жылы Сібір темір жол комитеті құрылғанға дейін жалғаса түсті. Ақмола облысында 1870 - 1895 жылдары 87 шаруа қонысы пайда болып, отырықшы халық саны қоныс аударушылар есебінен 2 есеге арты.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде Еуропалық Ресей мен Украинадан қоныс аударушылардың келуі есебінен халықтың ұлттық құрамы өзгерді. Қазақ, қырғыздармен бірге орыс, украиндар, татарлар, тәжіктер, түрікмендер, башқұрттар, чуваштар, қараноғайлар, армяндар саны өсе түсті.

1897 жылы Қазақстан тұрғындарының саны 4 млн. 150 мың адамға жетті. Солардың ішінде қазақтар 3 млн. 400 мың адамды құрады. Қалған 750 мыңдай адам басқа ұлт өкілдері болды. Орыс шаруаларының көбі Ақмола облысына қоныстанған. Сондай-ақ ең көп орыс және украин тұрғындары Омбы, Петропавл, Көкшетау, Қостанай уездерінде тіркелген. Торғай облысында да өзге ұлт өкілдерінің саны да айтарлықтай еді. Жетісу облысында басқа ұлт өкілдерінің үлес салмағының өскендігі әсіресе Верный, Бішкек, Пржевальск уездерінде ерекше байқалды. Ал Сырдария облысында орыстар мен украиндардың үлесі жалпы халық санынан ең төменгі деңгейде болды.

Өлкенің негізгі тұрғындары — қазақтардың үлес салмағы төмендеп, 1897 жылдары шамамен 81,7%-ға жетті. Ал орыстардың үлес салмағы жоғарыда көрсетілгендей — 10,9%-ға, украиндар — 1,9%-ға өсіп, татар, ұйғыр, өзбек сияқты ұлттардың да үлес салмағы арта түсті.

XIX ғасырдың 80 жылдарында Жетісуға Қытайдың Құлжа өңірінен ұйғырлар мен дүнгендер қоныс аударды. 1897 жылғы санақ

Белоруссия және Молдавиядан арнайы келгендер қоныстандырылды. Негізінде XX ғасырдың 30-50 жылдары аралығында Қазақстанға 1 560 мың адам қоныстандырылса, ал тың игеруді желеу етіп 1,5 миллион басқа ұлт өкілдері әкелінді.

Балқар халқының саны 40 мың 900 адам болатын. Бұл аз халық еді. 1944 жылдың наурызында балқарларды жер аудару басталды. 9 -11-наурыз аралығында 37 мың 103 балқар эшелондарға күшпен тиеліп, өздерінің жаңа мекендері Қазақстанға және Қырғызстанға жөнелтілді.

Солтүстік Кавказ халықтарын күшпен қоныс аудару қорытындыларына жүгінсек, 1944 жылдың ақпан-наурыз айларында Қазақстанға және Қырғызстанға барлығы 602193 адам қоныс аударылды, оның ішінде шешендер мен ингуштер – 496460 адам, қарашайлар – 68327, балқарлар – 37406 адам болды. Бұлардың негізгі бөлігі Қазақстанға қоныстандырылды.

Оңтүстік Грузияда, әсіресе, оның батыс бөлігі – Месхетияда түріктер 220 ауылда шоғырланып тұрды. Олар жеке-жеке ауыл болып та, грузиндермен, армяндармен араласып та өмір сүрді. Ақысқа түріктері – бөтен түріктер емес, Анатолия түріктерінің түрлі тарихи-географиялық жағдайларға байланысты сыртта қалыптасқан тармағы болатын. Ал жалпы, Ақысқа – Оңтүстік Грузиядағы бес ауданның ең ірісі – Ахалцехенің түрікше айтылу формасы. Бұл өңір осы ауданның атымен «Ақысқа» өңірі деп аталады.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдарында Ақысқа түріктеріне қарсы қорлау, ұлттық беделі мен адамшылық абыройын аяққа басу шаралары жүзеге асырыла бастады. Күштеп олардың фамилиялары мен аттары, тіпті ұлты өзгертіліп жазылатын болды. Сөйтіп, 1937-1938 жылдары Ақысқа түріктерінің онсыз да өте аз зиялыларын құртып жіберді.

1944 жылғы қараша айының 14-і күні небәрі екі сағаттың ішінде олар өзінің ғасырлар бойы мекен еткен тарихи Отаны – Оңтүстік Грузияның Месхетия, Жауахетия, Ақысқа өңірінен күштеп Қазақстан мен Орта Азияға жер аударылды. Жер аударылған сәтте

халықтардың 15 432 адамы қоныс аудару барысында аурудан қайтыс болды, түрлі себептермен қаза тапты. Грузиядан көшіріліп әкелінген 115, 5 мың адамның 27 883-і Қазақстанға, ал 53127-і Өзбекстанға орналастырылды.

Ұлттарды өз жерінен көшіруде мемлекеттік шығындар да көбейді. Қоныстанушыларды шығарып салу және қабылдау үшін арнайы қаржы бөлінді. Қоныс аударылғандарды қабылдау сол қоныстанатын жердегі халықтардың есебінен жүргізілді. Колхоз, совхоздарға көшіріп әкелу үшін жергілікті тұрғындар ұйымдастыру шараларын қарастырып, көшіретін көлік, тұратын баспана даярлады.

Солтүстік Кавказдан қазақ жеріне барлығы 111 593 жанұядан тұратын 470 мың адамдар қоныстанған. Бұлар республиканың 14 облысының 145 ауданына орналастырылды. Атап айтқанда, олардың 68 969 жанұясы колхоздарға, 11 377 жанұясы совхоздарға, ал 31 247 жанұя өндіріс орындарына барып қоныстанған.

Қоныстанушылар үлкен қиыншылыққа тап болды. Орналастырылған бос үйлердің жоқтығы мен азық-түліктің бітуі, медициналық көмектің болмауынан олардың арасында түрлі эпидемиялық аурулар тарайды. Жұмысқа орналасу барысында қоныстанушылар жұмыс таба алмай, бір шаруашылықтан екіншісіне көшу барысы жиіледі. Грузиядан көшіріліп әкелінген түріктер Қазақ КСР ІХК-ның мәліметі бойынша Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Талдықорған және Оңтүстік Қазақстан облыстарына орналастырылған. Соғыстан кейінгі жылдары да Қазақстанға өзге ұлттарды қоныстандыру толастамады. 1948 жылдың басында республикамызға шешен-ингуш, қарашай, балқар, неміс, қалмақ және т.б. ұлттардың 781 170 адамдық 216 802 отбасы қоныстанған. Ал 50-жылдары Кеңестік өкімет қоныс аударылғандарды республикаға көшіру жұмыстарын жалғастырып, оларды орналастыру жайындағы жоғарғы биліктің нұсқауларын бұлжытпай орындады. 1952 жылы сәуір айында Жамбыл облысына Солтүстік Кавказдан шешен, ингуш, қарашай, балқарды, Грузиядан келген әзірбайжандарды, немістерді, гректерді, ал Қырымнан татарлар көшіріп әкеліп жайғастыра бастады. Тың және тыңайған жерлерді игеруде Украина,

бойынша ұйғырлар мен дүнгендердің саны 71 мың (56 мың ұйғыр, 15 мың дүнген) адамға жетті.

Ресей орталығындағы аграрлық қайшылықтардан шығудың жолын Министрлер кеңесінің төрағасы П.А.Столыпин ойлап тапты. Қоныс аудару саясатындағы жаңа бағытқа көшуге 1905 - 1907 жылдардағы революция мен аграрлық толқулар өз ықпалын тигізді. Столыпиннің жарлығы негізінде шаруа өз үлесін сатып, еркін түрде басқа жаққа кетуге мүмкіндік алды.

1905 жылы қоныстандыру мәселесін реттеу мақсатында қоныстандыру мекемелерінің Басқармасы құрылды. 1905 - 1917 жылдардағы осы мекеменің 12 жылғы қызметі нәтижесінде бір миллионға жуық қоныс аударушылар жерге орналастырылды.

1908 жылы қоныс аударушылар толқыны ең жоғары деңгейге жетті. Жылына 665 мың қоныс аударушы келді. Патша өкіметінің қоныс аудару саясаты қазақтардың шаруашылығына орасан нұқсан келтірді. Тек 1906 - 1915 жылдары Жетісу мен Сырдария облысындағы қазақтардан 2,5 млн. десятина жер тартып алынып, қоныс аударушыларға бөліп берілді. Қазақстанда тартып алынған жер XX ғасыр басында 17 млн. десятина, ал 1917 жылға қарай 45 млн. десятинаға жетті. Жүздеген жекеменшік хуторлар бой көтерді. Патша офицерлері, кулактар, көпестер көлемді жер төлімдеріне ие болды.

II. КОРЕЙ, НЕМІС, ПОЛЯК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА КҮШТЕП ЖЕР АУДАРЫЛУЫ

1917 жылға дейін және одан кейінгі жылдары Қазақстан саяси жер аударылғандардың мекені болды. XX ғасырдың басында патша үкіметі қазақ жерін толықтай өз меншігіне айналдыру үшін славян ұлттары көбірек қоныстандырды. Үкімет біріншіден, қазақ жеріндегі пайдалы қазба көздерін уысында ұстауда республика көп ұлтты мекенге айналдырудың үлкен мәні барын есепке алса, екіншіден бұл өлке түрлі сынақ жүргізуге аса қолайлы еді. Қазақстан саяси жағынан

алғанда кеңес жүйесіне қауіп тигізетіндерді жер аударуға аса қолайлы мекен болды. Сондықтан кеңес үкіметі шекара маңындағы халықтарды ішке, яғни қазақ жеріне әкеліп орналастыра бастады. 1926 жылғы санақ нәтижесіне Қазақстандағы халықтың жалпы саны 6. 229, 9 адам болып, оның ішінде 3. 627, 6-сы жергілікті қазақтарды құрады.

30 жылдың соңына қарай Қазақстанға қуғынға ұшыраған ұлттарды жаппай зорлап қоныс аудару кең өріс алды. Қазақстан территориясына ең алғаш болып қоныс аударылған ұлттың бірі поляктар болды. Олар Украина территориясында шекараға жақын жердегі аудандарда қоныстанған еді. Сталиндік қуғын-сүргін салдарынан осы поляк ұлты көбірек тұратын аудандар жойылды. Негізінен қоныс аударуға үкіметтің 1936 жылғы 23 қаңтардағы «Украин КСР-нен Қазақ АКСР-на қоныс аудару» жөніндегі және 1936 жылғы 26 сәуірдегі «УКСР-нан Қазақ АКСР-нің Қарағанды облысына экономикалық қамтамасыз ету» жөніндегі қаулысы негіз болды.

Жоғарыда аталған қаулылар бойынша 1936 жылдан бастап Украина шекаралық аймақтарынан қоныс аударылатын 35,820 поляк ұлт өкілдерінің 35,739-ы, яғни 99,8%-і Қазақстанға жіберіліп, Солтүстік өңірлерге орналастырылды. Бұған дейін де Қазақстанда 1926 жылғы санақ бойынша 5000 поляк ұлты мекен еткен. Олар XIX ғасырдағы Ресей патшалығының Сібір өңіріне қоныс аударған поляк революционерлері мен XIX ғасырдың басында Польша корольдігіндегі экономикалық дағдарыстарға байланысты қоныс аударған поляктар еді. КСРО территориясына поляктардың көшуінің екінші толқыны 1939 жылы басталды. Соғыс қарсаңына қарай Қазақстанда 102 мың қоныс аударылған поляктар болған.

1937 жылдың шілде-қазан айлары аралығында БК(б)П Орталық Комитетінің Саяси бюросы Армения, Әзірбайжан, Орта Азия республикалары мен Қиыр Шығыс шекаралары маңына тазарту жүргізу жөнінде шешім қабылдады. Осы аудандардағы «сенімсіз» адамдарды жою мәселесі көтерілді.

Күштеп қоныс аударылған халықтардың бірі корей ұлты. Корейлер негізінде Қиыр Шығысқа XIX ғасырдың 60 жылдары қоныста-

сүруде.

Қарашай автономиялық облысынан 45 529 адамнан тұратын 11 711 отбасы Қазақстанның Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына орналастырылған. Негізінде жер аударылып көшірілгендердің басым бөлігі жас балалар, әйелдер және қариялар болды. Қалмақтар 1943 жылдың 28 қазанында елдің шығыс, солтүстік аудандарына және Оралға жер аударылған. Қысқа мерзім ішінде 99 252 адам көшіріліп, оның 2268-і Қызылорда облысына қоныстандырылған. Көшіру операциясы барысында «неміс оккупантарына көмек көрсетті, бандалық топта болды» деген желеумен 750 қалмақты тұтқынға алған.

Жалпы 1936-1951 жылдар аралығында Сталиндік қуғын-сүргінге ұлттық нышанына байланысты 3 600 000 адам іліккен екен. Барлығы 17 ұлт өкілдері депортацияға ұшырады.

Республикаға қырым татарларын көшіру мәселесі 1944 жылғы 13 сәуірдегі «Қырым АКСР-ы аумағын антикеңестік элементтерден тазалау шаралары туралы» бұйрықпен жүзеге асырыла бастады. Жалпы, Қырымнан 228 543 адам қоныс аударды. Оның 191 014-і – қырым татарлары.

Қырым татарлары 1944 жылдың 18 мамырын «Қырғын күні» немесе Аза тұту күні дейді. Қырым татарларының көбі әйел, бала-шаға, жасы келген қариялар болатын. Оларды еш ескертусіз үйлерінен қуып шығып, қалалық, ауылдық орталықтарға жинап, сол жерден жүк көліктеріне мінгізіп, таяу маңдағы теміржол станцияларына жөнелтті. Одан әрі Кеңес Одағының Орталық Азия, Сібір, Орал сияқты қиыр аймақтарына жіберді. Жер аударылғандардың жартысына жуығы – 46,3 пайызы – жолда көз жұмды.

Месхеттік түріктерді көшіру мәселесі 1944 жылғы 31 шілдедегі Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің шешімімен 1944 жылдың 14 қарашасынан басталып, 1945 жылы аяқталды. Жалпы Грузияның территориясындағы барлық мұсылмандарды ішкі аймаққа қарай қоныс аудару көзделінді. Бұл өңірден 86 000 мұсылмандар көшірілуге тиіс еді, бірақ 96 367 адам күштеп қоныс аударылды. Бұлардың ішінде 66 823 түрік ұлты, 8843 күрдтер, 13 997 хемлшиндер бар еді. Осы

тардың бірі – қарашайлар болды. 1942 жылдың тамызынан 1943 жылдың қаңтарына дейін қарашайлықтардың жері неміс басқыншыларын қолында болып, бұл территория жаудан тазартылғаннан кейін кеңес үкіметі 1943 жылдың 12 қазанында «Қарашай автономиялық облысын жою және оның территориясын әкімшілік төңірегін қайта құру» туралы қаулы қабылдады. Бұдан кейін кеңестік үкімет «неміс басқыншылары Қарашай Республикасына басып кірген кезде қарашайлықтар опасыздық көрсетіп, сатқындық жасап, көптеген адамдарды немістерге ұстап берген, неміс-фашистерінің құрған ұйымына кіріп, Кеңес Үкіметіне қарсы соғысты» деген желеумен осы жылдың 14 қазанында қарашайларды жер аудару жөнінде құпия қаулы қабылдады. Көптеген қарашайлықтарға «немістерге Закавказье асуынан өтер кезде, оларға жол көрсетті» деген желеумен айып тағылып, тұтқынға алынып, түрмелерге жабылды. Аз уақыттың ішінде ұлтты қатаң жазалау мақсатымен, 70 мыңға жуық тұрғыны бар Қарашай Автономиялық облысын жойып жіберді.

1943 жылы 2 қараша күні таңға жақын Кавказдың Қарашай Автономиялы облысын Кеңестің НКВД бөлімшелері қоршауға алды және екі сағат ішінде бүкіл қарашай халқы қарудың күшімен мал таситын вагондарға тиеліп, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстанға жер аударылды. Бұған қарсы шыққан жүздеген қарашай тұрған орнында атылды.

Ертеңгі сағат 10-да қарашайларға лық толған мал вагондары жүруге жол дайын болды. Ол вагондарда 63323 жазықсыз қарашай бар еді. Бұлардың 32929-ы балалар, 18933-і әйелдер, 11401-і еркектер болатын. Еркектердің бәрі дерлік қарттар және соғыстан жараланып келгендер еді.

Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанға таратылған қарашай халқының жартысынан астамы жер аудару барысындағы зұлымдық пен ауыр тұрмыс жағдайларынан қырылды. 14 жыл Кавказдан алыста айдауда өмір сүрген қарашай халқы тек 1957 жылы атамекеніне оралды. Бірақ әлі күнге дейін жер аудару орындарынан Кавказға оралмаған 20 мыңға жуық қарашай Қазақстан мен Орта Азияда өмір

на бастаған. 1917 жылғы санақ бойынша Приморье губерниясындағы корей шаруа отбасының саны 9308 болса, 1922 жылы 18407-ге, ал 1925 жылы 21555-ке жетіп, шамамен 120-130 мың адамды құрады.

30 жылдардың ортасына дейін Қазақстанда тұрып жатқан 51 102 неміс ұлт өкілдері кеңестік қоғамның толық құқылы мүшесі болып келген. 1936 жылдың соңына дейін, атап айтқанда шілде мен қыркүйекте поляктармен бірге немістер де жер аударылды. Екінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде, гитлерлік әскерге көмектесуі мүмкін деген желеумен Еділ бойынан немістер қудаланды. 1939 жылғы санақ бойынша КСРО-да 1 427222 немістер мекендеген.

1941 жылдың 12 тамызында Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Халық Комиссарлар Кеңесінің және БКП(б) Орталық Комитетінің бірлескен № 2060-935сс «Волга бойы аудандарында тұратын немістерді көшіру туралы» қаулысы қабылданды. Немістерді депортациялау туралы құжаттарда 1941 жылдың қазан айының соңына дейін көшірілуге тиіс 873578 адамның 856168 адамы көшірілді делінді. 1941-1942 жылдары барлығы 1209430 неміс өздерінің тұрғылықты жерінен көшірілді.

Кеңес үкіметінің бастапқы жоспары бойынша 1941 жылдың 25 қазанына дейін Қазақстанға 467 мың немістер көшірілуі керек болды. Бұл жоспарға сай олар Қазақстанда арнайы кесте бойынша орналастырды.

Егер 1942 жылдың 5 қаңтарына дейін Қазақстанға көшірілген немістер саны 382102 адам болса, одан кейін бұл процесс жалғасын тауып барлық Қазақстанға көшірілгендер саны 444005 адамды құрады.

1941 жылдың қазанында Кеңес үкіметі Грузия, Әзірбайжан, Армениядағы 45 мың немістердің екінші легін Қазақстанға көшіру туралы шешім қабылданды.

Депортациялауға ұшыраған неміс халқы колхоздарда, совхоздарда, транспортта, өндіріс орындарында жұмыс істеді. Қазақстанға депортацияланған халықтар арасында адам өлімі өте жоғары болды.

Соғыстан кейінгі жылдары неміс халқы Поволжьедегі неміс автономиясын қайта құру туралы көп талаптар қойды. 1965 жылдың қаңтарында КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының төрағасы А.И.Микоян Поволжьедегі неміс автономиясын қайта құру туралы өтінішпен келген кеңес немістерінің делегациясын қабылдады. Бұдан кейін маусым айында екінші делегациясы келді. Оларға берілген жауапта «Жағдайларынды жақсы түсінеміз, бірақ ол жерге қоныстанған жарты миллион адамды не істейміз» деп жауап берді.

Бұл мәселені немістер бұдан кейінде жауып қойған жоқ. 70-ші жылдары неміс автономиясын қайта құру туралы бірнеше наразылық шерулері өткізілді. Алайда бұл шерулер күшпен таратылып отырды. Мұндай шерулер Мәскеудегі Германия елшілігінің алдында, 1977 жылы Қызыл алаңда өтіп 1978, 1979, 1980 жылдары қайталанып тұрды.

1979 жылы Кеңес өкіметі неміс автономиясы Қазақстанның Целиноград облысының Ерейментау қаласында құрылсын деген шешімін Қазақстан халқымен санаспай қабылдады. Себебі сол кезеңде немістердің көп орналасқан жері Қазақстан, болатын, мұнда 936 мың неміс тұрды. Олар Қазақстанның тұрғындарының 6,6 пайызын құрады. Немістер Қарағанды, Көкшетау, Павлодар және Целиноград сияқты облыстарда 10-13 пайызын құрады. Сол кездегі мәліметтерде Республикада шамамен 230 жергілікті елді мекендерде неміс ұлты өкілдері басым деген есептер берілді.

1979 жылы 6 маусымда Кеңес Одағында «Кеңестік немістердің неміс Автономиясын құру туралы» шешімі қабылданады. Қазақстандағы неміс автономиясын құру мәселесі төңірегінде, Д.А.Қонаев өз еңбегінде немістер туралы жылы сөйлей келе «кей жағдайларда саяси бюрода қабылданған шешімдер орындалмайтында кездер болатын. Қазақстан жерінде немістердің автономиялық облысын құруда осындай шешімдер қатарына жатты. Бұл шешімді Қазақстан Андроповтың айтуымен жаңа автономиялар құру туралы түскен көптеген ұсыныстар негізінде қабылдаған болатын. Алайда құжаттағы сия кеуіп үлгермей-ақ, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетіне және

ды. 1944 жылы 7 наурыздағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің бұйрығымен Шешен-ингуш АКСР-ы жойылды, барлық аудандарының аттары өзгертілді. Шешен-ингуш АКСР-ның орнына Грозный облысы құрылды. Аталмыш операция «Чечевица» деген атпен 1944 жылы 23 ақпанда басталды. НКВД жасақтары бейбіт халықтың жиналуына жарты сағат қана уақыт беріп, қарсыласқандарын аяусыз қырды. Шешен-ингуштарды Қазақстанның облыстарына орналастыру мәселесі 1943 жылдың желтоқсанында анықталды. Оларды көшіру барысы жайында Л.Берия күнделікті И.Сталинге жеделхаттар жөнелтіп отырған.

1944 жылдың ақпан айынан кейін Қызыл Армиядан босатылған шешен және ингуш ұлтының әскери адамдары НКВД-нің арнайы қоныстарының қарамағына өтті. Дәл осындай жағдай майданда жүрген депортацияланған халықтардың барлығына қатысты болды. Олардың барлығы өздерінің туған-туыстары тұрып жатқан қоныстарға немесе Орал, Сібір өнеркәсіп өндіріс орындарына жіберілді. КСРО-ның басқа НКВД лагерьлеріндегі шешендер мен ингуштар Қарағанды лагеріне ауыстырылды. Дағыстан АКСР-да, Грузияда, Әзірбайжанда, Краснодар өлкесі, Дондағы Ростов, Астрахан облысында тұрып жатқан шешендер мен ингуштар да депортация қармағынан аман қалған жоқ, көші-қон 1945 жылдың соңына дейін жалғасты. 1945 жылға қарай Қазақстанға көшірілген шешендер мен ингуштардың жалпы саны 406,3 мың адамға жетті. Осыған дейін барлық жергілікті халықтың 58%-ын құраған шешен мен ингуш халқы осылайша туған жерлерінен қол үзді. Грозный облысына ондаған мың орыстар мен аварлар, осетиндер, украиндар әкелінді.

Кеңес дәуіріндегі ресми деректерге сай, барлығы 650 мыңнан астам шешендер мен ингуштар депортацияланды. Алғашқы күндері аштықтан, аяздан, аурудан 70 мыңдай адам қайтыс болды. Жер аудару кезінде барлығы 200 мыңдай шешен, 30 мыңдай ингуш қаза тапты. Шешен-Ингуш АКСР-і 1957 жылы ғана қайта құрылды. 2004 жылы Еуропарламент шешендер мен ингуштардың 1944 жылғы жер аударылуын геноцид ретінде бағалады.

Соғыс жылдары Қазақстан жеріне қоныстандырылған ұлт-

көрсетуге болады. Оның біріншісі, дәстүрлі элементтердің сақталуы мен дамуы, екіншісі, оның мәдени келбетіне жалпы кеңестік белгілердің енуі, ал үшінші аймақтағы жергілікті халықтардың мәдениетінен алып пайдаланды. Корей халқының өмірінде аса маңызды төрт үлкен кезең бар. Көпшілік зерттеу еңбектерінде бұл «төрт үстел» деп те жазылып жүр. Бұл төрт үлкен кезеңге баланың бір жасқа толуы, үйленуі, 60 жасқа толуы және адамды соңғы сапарға шығарып салу жатады. Осы аталған дәстүрлер Қазақстанда тұратын корейлер арасында да сақталып, осы күндері де ұстанып келеді. Туған Отандарынан жырақта жүрген корейлер тілі мен жазуын ұмытса да, әдет-ғұрып, ырымдарына ерекше мән беріп келді. Қазақстандық корейлер де жергілікті дәстүрлерді сыйлай отырып, өзінің мәдениетін, әдет-ғұрпын, дінін балаларының бойына сіңіруге тырысты.

III. СОЛТҮСТІК КАВКАЗ ХАЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚЫРЫМ ТАТАРЛАРЫ, КҮРДІ, МЕСХЕТ ТҮРІКТЕРІНІҢ Т.Б. ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕПОРТАЦИЯЛАНУЫ

Соғыс қарсаңында Кеңестік үкімет Түркия мен Иран шекараларына жақын орналасқан аз ұлттарға деген сенімсіздігін күшейте түсті. Шекара аймақтарында тұратын күрд, ирандық, ассириялықтар мен түріктерді ішкі аймақтарға көшіру 1937-1938 жылдар аралығында жүргізілді. Түркіменстан, Әзірбайжан, Грузия мен Армян КСР-сынан күрд, армян және түріктерді көшіру мәселесі олардың шетелдерде туыстарының барлығы және олармен байланыс ұстауынан туындады. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Кеңес өкіметі бұл ұлт өкілдеріне үлкен сенімсіздікпен қарады. Қазақстанның Алматы мен Оңтүстік өңірлеріне көшірілген күрдтерді орналастыруға 1938 жылы 400 мың сом ақша бөлінген.

1944 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен «фашистер жағына шығып кетеді» деген жалған айыптаумен шешен-ингуш халқы Қазақстан мен Орта Азияға жер аударыл-

Кеңестер Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетіне көптеген хаттар мен телеграммалар келіп түсті, олардың ішінде неміс ұлты өкілдерінен де келгендері болды. Онда автономиялық құрылымды ашуға асықпауға ұсыныс айтылды, бұның себебін автономияны қазақстандық немістердің Одақтағы отаны Повольжеден ашу жұмыстары жүріп жатыр деп түсіндірілді.

Осылай Қазақстанда неміс автономиясын құру туралы бастама күйреді. Бұл мүмкін емес еді. ҚазКСР-ның Конституциясына сәйкес Қазақстан унитарлы республика болатын. Оның құрамында қандай да бір автономия құру Конституцияға қайшы болды.

1989 жылғы халық санағы бойынша Қазақстанда 957518 неміс тұрды, олар сол кездегі Республика халқының 5,82 % құрады.

Тәуелсіздік жылдары неміс ұлты өкілдерінің саны кемумен болып, 1994 жылы 615 мыңды, 1995 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша 525,5 мыңды құрап, азая бастап, бұрынғы ұлт өкілдері жағынан 3 - орыннан қазақ, орыс, украиндардан кейінгі 4 - орынға түсті.

1937 жылдың шілдесінде Жапонияның Қытайға басып кіруіне орай Кеңес өкіметі елдің Қиыр Шығысындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кейбір іс-шараларға барды. 1937 жылдың 21 тамызында КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің «Корей халқын Қиыр Шығыс өлкесінің шекаралық аудандарынан көшіру туралы» біріккен қаулысы шықты.

Корейлердің Қиыр Шығыстан КСРО-ның ішкі аймақтарын көшірудің себебін кеңестік үкімет Жапония тарапынан төніп тұрған соғыс қаупінен деп түсіндірмекке тырысты. Қиыр Шығыстың 23 ауданынан көшірілген корейліктер Қазақстанның Оңтүстік өңіріне, Арал теңізі мен Балқаш көлі маңына орналастырыла бастады.

1938 жылдың өзінде корейлердің қоныс аударылуына байланысты Қазақ КСР-і ХКК-нің арнайы қаулысы қабылданды. Корейлерді Қазақстан мен Орта Азияға күштеп жер аудару оның ұлттық мәдениетінің дамуына үлкен кедергі келтірді. Қиыр Шығыстан 1937 жылы жер аударылған корейлердің басқаларға қарағанда әлеуметтік

тәжірибесі мол еді. Республикаға келген корейлердің 1616 отбасы Алматы облысына, 8867-і Оңтүстік Қазақстанға, 1744-і Ақтөбе облысына, 2299-ы Солтүстік Қазақстанға, 3073-і Қарағанды облысына, 720-і Қостанайға, 1950-і Батыс Қазақстан өлкесіне орналастырылды.

1938 жылы 19 наурызда Солтүстік Қазақстан облыстық комитеті бюросы корей халқының проблемаларын шешуге арналып, соған лайықты қаулы қабылданды. Корейлерге қатысты «Корей қоныс аударушылардың шаруашылығының жайғасуы туралы», «Қазақ КСР-ның К(б)П ОК-нің және Қазақ КСР ХКК-ің, жаңа оқу жылына корей балаларына арналған ғимараттардың дайындығы, мектептерді жабдықтау, Павлодар, Көкшетау, Петропавлда және аудандарда оқу құралдарымен және мұғалімдермен қамтамасыз ету туралы қаулылардың орындалуы» сияқты біраз шешімдер қабылданды.

Корей ұлтын оңтүстік және солтүстік өңірлерге қоныстандырудың өзіндік мақсаты болды. Әрбір ауданда көшіру мен қайта қоныстандыру жұмысында негізінен экономикалық-географиялық жағдайлар қарастырылды.

1930-1940 жылдары Республикаға күштеп қоныс аударылған корейлер жан басының азаюы, рухани құндылықтарының жоғалуы сияқты көп зардап шекті. Дегенмен олар партия, кеңестік және қоғамдық ұйымдардың өмірінде белсенді қызмет атқарып, Қазақстанның халық шаруашылығының барлық саласына айтарлықтай үлес қосты, ерен еңбегінің арқасында көптеген нәтижелерге қол жеткізіп, ұлттық мәдениеті мен тілі дамыды, зиялы қауым қалыптасты. Көшіп келіп, қоныстанған алғашқы жылдары адам төзгісіз ауыр жағдайда өмір сүріп, көптеген қиыншылықты бастан кешірсе де, шыдамдылығы мен қайсарлығының, еңбеккерлігінің арқасында тұрғылықты халық арасында құрметке ие болып, қоғамда өз орындарын таба білді. Қазақстандағы корейлер саны 1989 жылы 100,739-ке жетсе, ал 1999 жылы 99,662-ға кеміді. Оған себеп көпшілігінің басқа мемлекеттерге кетуі немесе байырғы Отандарына оралуы болды.

Корей ұлтының ер-азаматтары метал өндіру ісінде: механик, қорытушы, слесарь, токарь, құрылыста: аға шебер, қорытушы, әртүр-

лі жұмысшы міндетін атқару т.б. жұмыс істегенді қалады. Ал әйелдерінің көпшілігі тігінші және трикотаж өнімдерін шығару өндіріс орындарында еңбек етті. 40-50 жылдары корейлердің басым көпшілігі механика заводында, тері өңдеу, кірпіш заводы, аяқ киім өндіру саласында еңбек етті. Жалпы корейліктер қандай жұмыс болмасын адал атқарып, өз еңбектерінің шебері бола білді. Мысалы, қоныс аударылған корейлер негізгі кәсіптері – күріш өсіруді, келген жерлерінде іске асырып, жергілікті халықпен өз тәжірибелерін бөлісе білсе, мал бағу ісінде жергілікті халықтан тәжірибе жинақтады. Олардың арасынан еңбек озаттары шығып, үкімет тарапынан марапаттарға ие болды. 1948 жылы тек Қаратал ауданының өзінде 21 корей азаматтарына егін мен қызылша өсіруден жоғары өнім алғаны үшін Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. 1948-1949 жылдары Қазақстанның екі облысында – Қызылорда мен Талдықорған облыстарында корей ұлтынан 57 адам Социалистік Еңбек Ері атағына ие болған. Мақта өсіруден жоғары өнім алғаны үшін корей ұлтының төрт азаматына Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Іле өзенінің бойында Бақбақты күріш совхозын құру туралы шешім қабылданып, оған Социалистік Еңбек Ері С.Г. Хван басшылық етті. Корей әйелдері де өмірге, еңбекке белсене араласа бастады. Медицина, өнер, педагогикалық қызметтерде олар қол жеткізген табыстар аз емес. Бұл кезеңде корей интеллигенциясы қалыптасты және нығайды. Әсіресе орыс тілін жетік меңгерумен өзіндік жауапкершілікті арттыра жүріп, жас буын педагогтар даярлау ісіне ат салысты.

Корей халқының рухани өмірінде салт-дәстүр, ырым-жоралғы, наным-сенім аса маңызды орын алады. Корейлердің салт-дәстүрлерін күнтізбелік (календарлық), мемлекеттік, еңбек (шаруашылық) және отбасылық деп бөліп қарастыруға болады. Ауыл шаруашылығындағы еңбекшілер «туреноры» деп аталған салт-дәстүрді ұстанды. Бұл негізінде еңбек үрдісімен тығыз байланысты. Қазақстан территориясына қоныстанған корейлер ежелден келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын ұмытпаған. Орта Азия мен Қазақстандағы корейлердің этникалық жағынан дамуының үш негізгі беталысын